

Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарған облигацияларын және халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа жіберудің тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының қаулысы 2001 жылғы 11 қаңтардағы N 93. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 13 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1401

Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарған облигацияларын және халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа жіберуді реттеу мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереженің 4-тармағы 3) және 6) тармақшаларының негізінде Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарған облигацияларының Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа жіберуге қатысты шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздары ретінде қарастырылатындығы және оларға Ұлттық комиссияның 1996 жылғы 17 мамырдағы N 53 қаулысымен бекітілген Басқа мемлекеттер шығарған бағалы қағаздарды Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа жіберу туралы ережеде белгіленген нормалар (аталған Ереженің 7-тармағын қоспағанда) қолданылатындығы белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарған облигацияларын Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа жіберуге рұқсат алу үшін Ұлттық комиссияға мынадай құжаттарды ұсыну керектігі белгіленсін:

1) ұсынылатын құжаттардың тізбесімен және осы облигациялар туралы, оларды біріздендіру үшін қажетті мәліметтерді (облигациялардың түрі, эмиссиядағы облигациялардың саны, бір облигацияның атаулы құны (осындай бар болған кезде), облигациялардың айналыс мерзімі, облигациялардың шығарылым нысаны, облигациялар эмиссиясын тіркеген мемлекет, облигациялардың біріздендіру нөмірі, өтінушінің қалауы бойынша өзге де

мәліметтер) көрсете отырып еркін үлгіде жазылған өтініш;

2) қолданылып жүрген жарғының, осы облигациялар эмитентін (қайта) тіркеу туралы куәліктің және статистикалық карточкасының нотариалды куәландырылған көшірмелері (егер осы құжаттар Ұлттық комиссияға бұрын ұсынылмаса);

3) осы облигациялар эмиссиясының проспектісі ("циркуляр") және еркін нысанда жасалған және облигацияларды шығарған ел, шығарылым валютасы, шығарылым сомасы, шығарылған облигациялардың орналастырылу сәтіне бағасы туралы ақпарат енгізілген облигацияларды шығару және орналастыру туралы есеп (егер осы құжаттар Ұлттық комиссияға "Халықаралық облигациялар шығару кезінде ақпарат беру туралы" Ұлттық комиссия Директоратының 2000 жылғы 20 наурыздағы N 580 қаулысының 4-тармағына сәйкес бұрын ұсынылмаса);

4) осы Қаулының 3-тармағы шарттарының сақталысын тексеру үшін қажетті және жеткілікті құжаттар.

3. Егер Қазақстан Республикасының аумағында осы эмитенттің Қазақстан Республикасының немесе басқа мемлекеттің заңдарына сәйкес шығарылған облигациялары айналыста бар болса, Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарған облигациялары мынадай жағдайларды қоспағанда Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа жіберілмейтіндігі белгіленсін:

1) осы шығарылымның облигациялары жылжымайтын мүліктің ипотекасымен қамтамасыз етілсе (егер осы облигациялар ипотекалық болып табылса);

2) Ұлттық комиссияның осы шығарылымның облигацияларын Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа жіберу туралы шешімін қабылдау сәтіне олардың эмитентінде олардың бұрын шығарған облигацияларын өтеу жөніндегі және/немесе олар бойынша сыйақы (мүдде) төлеу жөніндегі міндеттемелерінің орындалмаған, толық немесе уақытында орындалмаған жағдайлары жоқ болса;

және Ұлттық комиссияның осы шығарылымның облигацияларын Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа жіберу туралы шешімін қабылдау сәтіне олардың эмитентінде "В-дан" ("Standard & Poor's", "Moody's" немесе "Fitch" жіктеуі бойынша) төмен емес ұзақ мерзімді қамтамасыз етілмеген шетелдік валютадағы кредиттік рейтингтік бағалау бар болса; және егер облигациялардың осы шығарылымын Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа жіберу мақсатында құжаттарды ұсыну алдындағы соңғы тоқсанның аяғының жағдайы бойынша левередж (олардың эмитентінің міндеттемелерінің және өз капиталының бухгалтерлік есеп

жүргізу туралы заңдарға сәйкес есептелген мөлшерлерінің арасындағы ара қатынас) 1,0-ден аспаса және облигациялардың осы шығарылымын толық орналастыру нәтижесінде аталған өлшемнен аспайтын болса (осы Қаулының 4-тармағында көзделген ерекшеліктерді ескерумен).

4. Екінші деңгейдегі банктер (банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар) үшін сақталуы кезінде Қазақстан Республикасының немесе басқа мемлекеттің заңдарына сәйкес осы эмитенттің бұрын шығарған облигациялары Қазақстан Республикасының аумағындағы айналыста бар болған кезде оның (оның) басқа мемлекеттің заңдарына сәйкес шығарған облигациялары Қазақстан Республикасының аумағындағы айналысқа рұқсат етілетін левередждің шекті рұқсат етілген мәні ретінде өз капиталының жеткіліктілік коэффициентінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген нормативтік мәні қолданылатындығы белгіленсін.

5. Халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының Қазақстан Республикасының аумағында рұқсат ету рәсімін өткізбестен және Ұлттық комиссия Директоратының қандай да болмасын шешімін қабылдамастан айналыста бола алатындығы, ал олардың Қазақстан Республикасының ұйымдасқан бағалы қағаздар рыногындағы айналысының тәртібі "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның биржалық сауда қағидаларымен реттелетіндігі белгіленсін.

6. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

7. Ұлттық комиссия орталық аппараты Корпоративтік қаржылар басқармасы осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы
Ұлттық комиссияның мүшелері